



«Астана медицина университеті» КеАҚ

Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы  
ага әдіскерінің лауазымдық нұсқаулығы

ЛН-АстМУ-2.1/03-23

№2 басылым

10 беттің 1-беті



## ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖОСПАРЛАУ  
ЖӘНЕ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АГА ӘДІСКЕРІ

ЛН-АстМУ-2.1/03-23

Астана қаласы

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыыйым салынады!



## Мазмұны

|   |                            |    |
|---|----------------------------|----|
| 1 | Жалыш ережелер             | 3  |
| 2 | Лауазымдық міндеттері      | 3  |
| 3 | Күқықтары                  | 6  |
| 4 | Жауапкершілігі             | 7  |
| 5 | Келісім парагы             | 8  |
| 6 | Өзгерістерді тіркеу парагы | 9  |
| 7 | Танысу парагы              | 10 |



## 1. Жалып ережелер

1) Осы лауазымдық нұсқаулық Еңбек шарты негізінде және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, ҚР Еңбек құқықтық қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленіп, бекітілді және «Астана медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) академиялық қызметтің жоспарлау және дамыту орталығы (бұдан әрі - Орталық) аға әдіскерінің біліктілік талаптарын, лауазымдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

2) Орталық аға әдіскері Университеттің әкімшілік-басқару персоналы санатына жатады және Еңбек шартына сәйкес қызметтің жүзеге асырады.

3) Орталық аға әдіскері тікелей Орталық басшысына есеп береді.

4) Орталық аға әдіскері өз қызметінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын;

- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің және ҚР ғылым жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін және ҚР басқа да қолданыстағы заңнамасын;

- Университет Жарғысын, Университет Стратегиясын, операциялық жоспарларын, қызметтің негізгі көрсеткіштерін;

- Университеттің ішкі құжаттары;

- Университеттің бұйрықтарымен, өкімдерімен және басқа да актілерін басшылыққа алады.

5). Орталықтың аға әдіскері лауазымына Басқарма төрағасының – Ректордың бұйрығымен жоғары медициналық немесе педагогикалық білімі бар, кемінде 3 жыл педагогикалық және әдістемелік жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

6) Орталықтың аға әдіскері болмаған уақытта оның міндеттері Орталықтың басқа аға әдіскеріне жүктеледі.

## 2. Лауазымдық міндеттері

### 7. Орталық аға әдіскері:

- 1) Еңбек шартына, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес еңбек міндеттерін орындауга;
- 2) Еңбек тәртібін және әдеп нормаларын сақтауга;
- 3) Академиялық адалдық қағидаларын сақтауга;
- 4) Жоғары медициналық білім беру саласында қолданылатын нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды зерделеуге және талдауга;
- 5) пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің (бұдан әрі – ПОӘК) сапалы қалыптасуын бақылауды, олардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС), Үлгілік оқу бағдарламаларының (бұдан әрі – ҮОБ), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ережелерінің талаптарына сәйкестігін талдауды жүзеге асыруға;
- 6) Жетекшілік ететін кафедралардың ПОӘК жұмыс нұсқаулығының сәйкестігіне ПОӘК әзірлеу бойынша сараптама жүргізуғе;
- 7) Барлық білім беру бағдарламаларының (бұдан әрі - БББ) оқу жоспарын жыл сайын жасау;
- 8) Білім берудің барлық деңгейлерінің БББ барлық курстарда оқу жұмыс жоспарларын жасау;
- 9) Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің (бұдан әрі – ААЖ) ПОӘК модулінде ОӘК уақтылы толтырылуын ұйымдастыруға және бақылауга;



- 10) Жұмыс оку жоспарына сәйкес жетекшілік ететін кафедралардың жылдық оку жүктемесін жасау және есептеу;
- 11) БББ барлық курсарының академиялық күнтізбелерін жасау;
- 12) АСЖ "ЖОО күнтізбелері" модуліне БББ академиялық күнтізбелерін енгізу;
- 13) Оку жылына барлық топтардың БББ барлық курсарының кестесін жасау, жасалған кестені Университет сайтында бекіту және орналастыру;
- 14) Қорытынды аттестация кестесін жасау, жасалған кестені Университет сайтында бекіту және орналастыру;
- 15) Жетекшілік ететін кафедралардан аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу формаларын жинау;
- 16) Жетекшілік ететін кафедралардан оку-әдістемелік әдебиеттерді басып шығаруга өтінімдер жинау;
- 17) АСЖ "Картотека" модулінде оқытушыларға БББ пәндерін бекіту;
- 18) АСЖ "Картотека" модулінде пәндер циклінің ұзақтығын белгілеу;
- 19) Элективті пәндер каталогын (бұдан әрі - ЭПК) жасау үшін оку жылына арналған кредиттер санын есептеу;
- 20) Модульдер мен пәндерді ЭПК орналастыру бойынша ПОҚ консультациялау;
- 21) Модульдер мен пәндердің мазмұнын тексеру, олардың МЖМБС сәйкестігі, дәрістердің, практикалық сабактардың көлемі бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысын және білім алушылардың өзіндік жұмысын элективті пәндер каталогына бөлу;
- 22) АСЖ "Оку жоспары" модулінде ЭПК құру және кредиттерге шектеу қою;
- 23) ҚР ФЖБМ БББ Реестріне білім беру бағдарламалардың уақытын енгізілуін бақылауға;
- 24) БББ сапасын қамтамасыз ету комитеттің жұмысына қатысу;
- 25) Кеңестердің хаттамаларын жасау, сапаны қамтамасыз ету комитеті, Академиялық қызмет жөніндегі Ғылыми кеңес комитеті отырыстарының үзінділерін ресімдеу;
- 26) Жетекшілік ететін кафедралардан оку жұмысы үшін журналдарға өтінімдер жинау және осы журналдармен профессор-оқытушылар құрамын қамтамасыз ету;
- 27) Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету комитеттінде ұсыну үшін оку-әдістемелік әдебиеттің техникалық мазмұнын тексеру;
- 28) Шетелдік студенттердің оқытушылары орындаған сағаттар санының нақты орындалуын есептеу;
- 29) Оку процесі үшін аудиториялық қордың бөлінуіне бақылау жүргізу;
- 30) 6-7 кафедраның оку-әдістемелік жұмысына жетекшілік ету.

#### 8. Қызметті ұйымдастыру және басқару саласында:

- 1) Орталықтың кіріс, шығыс және ішкі хат-хабарларымен жұмыс істеуге;
- 2) Орталықтың шығыс хат-хабарларын, Орталықтың құзыреті шегінде сұратулары бойынша ресми жауаптарды дайындауға және ресімдеуге;
- 3) Университет істерінің номенклатурасына сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды сақтау және пайдалану;
- 4) құрылымдық бөлімшелердің сұратуы бойынша олардың қызметі үшін Орталықтың құзыретіндегі қажетті ақпаратты ұсынуға;
- 5) Орталық мәселелері бойынша қаулыларды, бүйректарды, өкімдерді және өзге де нормативтік актілерді орындауға міндетті.

#### 9. Риск менеджменті және сыйайлас жемқорлықпен курес саясаты бойынша:

- 1) Университеттің құрылымдық бөлімшелерінде сыйайлас жемқорлық элементтерінің бар-жоғына талдау жасауға;



2) Университеттегі сыйбайлас жемқорлық рискілерінің алдын алу бойынша Орталық құзыреті аясында шаралар орындауға;

3) нақты сыйбайлас жемқорлық рискілерін (үдерісті, үдеріс кезеңін немесе жобаны) анықтауға және бағалауға;

4) Сыйбайлас жемқорлық рискілерін басқару жүйесі бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес қажет болған жағдайда шараларды орындауға;

5) Сыйбайлас жемқорлық рискілері және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты үәкілетті құрылымдық белімшелерге уақытылы беруге;

6) Сыйбайлас жемқорлық рискілері болған жағдайда, ол туралы ақпаратты тіркеу және Сыйбайлас жемқорлықпен құрсақтың міндеттерін анықтауда орындауға міндетті.

#### 10. Ақпараттық қауіпсіздік жүйесіндегі міндеттер:

1) Ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтауға;

2) Құпия ақпаратты қорғау, коммерциялық қупияны құрайтын ақпаратты заңсыз алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салуға міндетті.

#### 11. Еңбекті қорғауды басқару және қауіпсіздік техникасы жүйесіндегі міндеттер:

1) Орталық қызметкерінің қауіпсіздік техникасы, өрттен қорғау және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруден өткізу;

2) Орталық қызметкерін кіріспе нұсқаулықпен, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың басқа да мәселелері жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру;

3) Жұмыстарды орындау барысында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі ережелерде, нұсқаулықтарда белгіленген талаптарды сақтау.

#### 12. Орталықтың аға әдіскері білуі тиіс:

##### Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI-КРЗ кодексін;

2) 27.07.2007 ж. КР Білім туралы Заңын;

3) "Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығын;

4) «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оку бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қантардағы № 4 бұйрығын;

5) "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" КР БФМ 20.04.11 ж. № 152 бұйрығын;

6) КР ДСМ "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік стандарттарды бекіту туралы" 2022 жылғы 04 шілдедегі № КР ДСМ-63 бұйрығын;

7) КР БФМ "Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидалары" 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығын;

8) КР БФМ "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығын;

9) "Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оку орнындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы" КР БФМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығын.

##### Университеттің ішкі құжаттары:

1) "Астана медицина университеті" КеАҚ Жарғысы;



- 2) Академиялық адалдық туралы Кодексті;
- 3) Академиялық саясатты;
- 4) Университет Стратегиясын;
- 5) "Астана медицина университеті" КеАК құндылықтарын;
- 6) ПК-АМУ білім беру процесін басқару процесінің картасын;
- 7) СУ-АМУ Университетінің стандарты-01 Университет стандарты. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құруға, баяндауға және ресімдеуге қойылатын жалпы талаптар;
- 8) СУ-АМУ Университет стандарты-02 Университет стандарты. Құжаттаманы басқару;
- 9) СУ-АМУ Университет стандарты-25-21 "Оқу процесін жоспарлау";
- 10) СУ-АМУ Университет стандарты-15-22 "Білім беру бағдарламалары: әзірлеу, бағалау және жаңарту";
- 11) "Астана медицина университеті" КеАК-да білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы ереже Е-АстМУ -13-21 ережесі;
- 12) Университеттің білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету комитеті туралы Е-АстМУ-126-20 ережесі;
- 13) Білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету комитеті туралы Е-АстМУ-127-20 ережесі;
- 14) "Астана медицина университеті" КеАК-да пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу жөніндегі ЖН-68-21 жұмыс нұсқаулығы;
- 15) Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттердің дайындау жөніндегі жұмыс нұсқаулығы-ЖН-АМУ-06-21 жұмыс нұсқаулығын;

### 3. Құқықтары

#### 13. Орталық аға әдіскері:

- 1) Орталықтың жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- 2) Кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша Университет басшылығының бүйрықтарының жобаларымен және шешімдерімен танысуға;
- 3) Университеттің барлық құрылымдық белімшелерінен Орталыққа жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті мәліметтерді талап етуге және алуға;
- 4) Құзыретті тұлғалардың келісімімен Орталықтың қызметіне қатысты мәселелер қаралатын Университеттің кенесші органдарының жұмысына қатысуға;
- 5) Белгіленген тәртіппен кітапхана және ақпараттық қорларды және Университеттің әлеуметтік-тұрмыстық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға;
- 6) Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар мен нұсқаулар беруге;
- 7) Біліктілігін арттыруға;
- 8) Жоғары тұрған, консалтингтік және басқа да үйымдарда персоналмен жұмыс, бос жұмыс орындары туралы хабарландырулар жариялау, персоналды басқару мәселелері бойынша Университеттің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарына (бұдан әрі - БАҚ) және басқа да ақпараттық көздерге ұсыну мәселелері бойынша Университеттің атынан өкілдік етуге, тиісті хат алмасуды жүргізуғе;
- 9) Жұмыстағы жетістіктері үшін моральдық және (немесе) материалдық сыйақыға;
- 10) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыруға;
- 11) Біліктілігіне, еңбек күрделілігіне, орындалған жұмыстың саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына сәйкес еңбекақы алуға;
- 12) Демалыс алуға, оның ішінде сауықтыру жәрдемақысын ала отырып, жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын алуға;



13) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға құқығы бар.

#### 4. Жауапкершілігі

##### 14. Орталықтың аға әдіскері:

- 1) Бөлімше ережесі және лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген функцияларды сапалы және уақытылы орындалмағаны үшін;
- 2) ҚР қолданыстағы заңдарына және Университеттің ішкі актілеріне сәйкес еңбек тәртібін және атқарушылық тәртіпті сақтамағаны үшін;
- 3) Орталықтағы мүліктің сақталуын қамтамасыз етпей және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін;
- 4) Қызметтік және коммерциялық ақпараттың құпиялылығын сақтамағаны үшін;
- 5) Орталық қызметкерлерінің қызметтік этиканы сақтамағаны үшін;
- 6) Университет Жарғысында, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде және осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген міндеттерді орындағаны үшін;
- 7) Университет қызметкерлерінің персоналдық деректерін жариялағаны үшін жауап береді.



«Астана медицина университеті» КеАҚ

Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығы  
ага әдіскерінің лауазымдық нұсқаулығы

ЛН-АстМУ-2.1/03-23  
№2 басылым  
10 беттің 8-беті

### Келісім парагы

| №  | Лауазымы   | Аты-жөні          | Келісу парагына<br>қол қойылған күн | Қолы |
|----|--|-------------------|-------------------------------------|------|
| 1. | Мемлекеттік тілді дамыту тобының басшысы                       | Б.А. Орынбасарова |                                     |      |
| 2. | Академиялық қызметті жоспарлау және дамыту орталығының басшысы | А.К. Досанова     |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |
|    |  |                   |                                     |      |



«Астана медицина университеті» КеАҚ

## **Академиялық қызметтің жоспарлау және даындау орталығы ага әдіскеरінің лауазымдық нұсқаулығы**

ЛН-АстМУ-2.1/03-23  
№2 басылым  
10 беттің 9-беті

## **Өзгерістерді тіркеу парагы**



«Астана медицина университеті» КеАҚ

## **Академиялық қызметтің жоспарлау және дамыту орталығы аға әдіскерінің лауазымдық нұсқаулығы**

ЛН-АстМУ-2.1/03-23  
№2 басылым  
10 беттің 10-беті

## Танысу парагы